

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№26 (10 281)

4 шілде

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ШАНЖАҰ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫ НҰРЛАН ЕРМЕКБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Кездесуде ШЫҰ аясындағы ықпалдастықты одан әрі дамыту перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ-ның тиімді әрі теңгерімді халықаралық ұйым ретіндегі рөлін нығайтуға баса мән береді. Бұл қазіргі әлемдік саясаттағы сын-қатерлерге жедел үн қатуға ықпал етеді.

Президент Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығын жоғары бағалап, Ұйым тетіктерін жетілдіруге қолдау көрсететінін айтты.

Бұдан бөлек, Қазақстанның Ұйым аясында ұсынған басты бастамаларын іске асыру жолдары қаралды.

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ

"ДАРЫН" МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жариялайды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы - ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай - ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Қоғамдық қызмет», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай - ақ, қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген өзге де заңды тұлғалар жүргізеді және мынадай құжаттарды қағаз және электрондық түрде жібереді:

1) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын алуға арналған тіркеу өтінімі;

3) өтініш хат пен сыйлық алуға ізденушінің жетістіктері туралы анықтама;

4) марапаттау дипломдарының, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

5) кандидаттың немесе кандидат туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (болған жағдайда);

6) банктік шоттың болуы туралы анықтаманың көшірмесі;

7) кандидаттың жетістіктері туралы растайтын материалдар (болған жағдайда).

Жеңімпаздарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен, төсбелгімен сондай-ақ, қаржылай сыйлықпен марапатталады.

«Дарын» жастар сыйлығы 1992 жылы тағайындалған. Әр жылдары аталған сыйлықты түрлі саладағы 360-дан астам азамат иеленген болатын.

Конкурсқа қатысуға құжаттар 2025 жылғы 26 маусымнан 27 тамыз аралығында (қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (қағаз нұсқа) мына мекен - жай бойынша: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 14-кіре берісінде, ал, (электрондық нұсқа) premiya.daryn@mki.gov.kz поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-05-25, 8 (7172) 74-18-43, 8 701 170 46 54 (жұмыс күндері, сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

«Дарын» мемлекеттік сыйлығы қағидалы
<http://10.61.42.188/kaz/docs/V2300033016>

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

ЖЕТІСУЛЫҚ МАМАНДАР ОҢАЛТУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ӨЗБЕКСТАНДЫҚ ӘРІПТЕСТЕРІМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Жуырда «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Қаратал күндізгі болу орталығы» КММ қызметкерлері Өзбекстан Республикасының Мүгедектерді оңалту және протездеу ұлттық орталығына тәжірибе алмасу сапарымен барды.

Сапардың мақсаты – мүгедектерді оңалту саласындағы озық тәжірибелермен танысу және екіжақты әріптестікті дамыту. Делегация орталықтағы оңалту және протездеу қызметтерімен, оның ішінде CME әдісімен (Куэвас Медек Жаттығулары) танысты.

Іс-шара аясында мамандар психологиялық, әлеуметтік, кәсіби оңалту бағыттарында көрсетілетін кешенді қызметтермен танысып, мамандармен тәжірибе бөлісті.

Сапар барысында орталық мамандары қонақтарға оңалту әдістерін іс жүзінде көрсетіп, нақты бағыттар бойынша кеңес берді.

Мұндай тәжірибе алмасу әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби



біліктілігін арттыратын, инклюзивті қоғам құру жолындағы маңызды қадам болып табылады.


Жетісу облысы мен Өзбекстан арасындағы бұл кәсіби байланыс болашақта мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қызмет сапа-

сын арттыруда өзінің оң ықпалын тигізетін болады.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі бойынша.

МӘДЕНИЕТ

"ҰЛЫ ДАЛА ҮНІ": ТАЛДЫҚОРҒАНДА 5000 ДОМБЫРАШЫ ЖАҢА РЕКОРД ОРНАТТЫ




Бүгін 1 шілде күні Талдықорған қаласының орталық алаңында Ұлттық домбыра күніне арналған «Ұлы дала үні» атты кең ауқымды облыстық мерекелік флешмоб ұйымдастырылды. Аталған шара – халқымыздың төл өнерін дәріптейтін, мәдени сабақтастықты насихаттайтын маңызды мәдени оқиға болды. Бұл тарихи сәтте 5000 адам – кәсіби музыканттар, мектеп оқушылары, студенттер, өнер сүйер қауым – бір мезетте қос күйді орындап, ел тарихында бұрын-соңды болмаған рекордқа қол жеткізді. Аталған жетістік Қазақстан рекордтар кітабының бас редакторы Қайрат Тазабековтың қатысуымен ресми түрде тіркеліп, жаңа рекордты растайтын сертификат Жетісу облысының әкімдігіне табысталды. Бұл – тек Жетісу өңірінің ғана емес, күллі Қазақстанның мәдени өміріндегі елеулі оқиға ретінде бағаланды.

Флешмобқа облыстың барлық аудандары, облыстық басқармалар мен ұйымдардан келген қатысушылар белсене қатысып, ұлттық өнерге де-

ген шынайы құрметтерін білдірді. Сонымен қатар Жетісу өңірінің табиғи-тарихи көрнекі жерлерінде 7 күйші орындаған «Бақтыбайдың әуені» күйі арнайы бейнебаянға түсіріліп, флешмобпен біріктірілген музыкалық-визуалды клип ретінде жұрт назарына ұсынылды. Бұл жоба – дәстүр мен заманауи өнердің үндесуінің жарқын үлгісіне айналды.

Шара аясында қазақтың жыршылық-термешілік дәстүрінің көрнекті өкілі Бақтыбай Жолбарысулының 190 жылдық мерейтойына орай «Бақтыбайдың әуені» және танымал күйші-композитор Әбдімомун Желдібайдың «Ерке сылқым» күйлері орындалды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шара тек мереке емес, ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастықты нығайтып, жастардың ұлттық өнерге деген құрметін арттыруға бағытталған. Осындай мазмұнды бастамалар арқылы күй өнері мен домбыра дәстүрі кеңінен насихатталып, «Ұлы дала үні» флешмобы ұлттық құндылықтарды ұлықтаған айтулы оқиға ретінде ел есінде қалды.



ӨРКЕНДЕГЕН АСТАНАМ - ӨЗІҢМЕНЕН МАҚТАНАМ



АУДАН ӘКІМІ ТЫНЫШБАЕВ БЕРІК
ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК
ҚҰТТЫҚТАУЫ!

Сіздерді Елордамыз Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық көрегендігімен бас қала атанған, ажары кіріп, айбыны асқақтаған Елордамыз бүгінгі күні еліміздің бойтұмарына ай-

налды, тұрақты дамудың, өсу мен өркендеудің даңғыл жолына түсті. Қазіргі Елордамыз - саяси көшбасшылар, іскери серіктестер мен инвесторлар, діндер мен конфессия өкілдері, зиялы қауымның кездесіп, кеңес құратын орны, шығармашылық жоспарларды, инновациялық идеялар мен батыл бастамаларды жүзеге асыру алаңы.

Құрметті жерлестер!
Астана мерекені жаңа жетістіктермен, тың күшпен, шалқар шабытпен қарсы алып отыр. Біздің жас та көркем, қадамы нық қаламыздың жыл өткен сайын маңызы артып, мәртебесі өсе түсуде. Қай -

қайсымыз да Елорданың тарихымен, дәстүрімен, мәдениетімен және қайталанбас қолтаңбасымен мақтанамыз. Баршаңызды осы қуанышты мереке күнімен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық, ба-янды бақыт, бейбітшілік пен молшылық тілеймін!

Сіздерді шын жүректен аудандық мәслихат депутаттары атынан Астана күнімен құттықтаймын.

Бүгінгі таңда елдің төрі - Елордамыз барша ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік мекеніне айналды. Астанамыз - қарыштап дамыған мемлекеттің нышаны, әлеуметтік - экономикалық өсіп - өркендеудің айқын дәлелі. Сарыарқа төсінде қоныс тепкен алып шаһарда әлем елдерінің көшбасшылары бас қосып, пікір алмасады, тари-хи маңызы зор шешімдерді қабылдайды. Елдің мақтанышы саналатын көкке ұмтылған бірегей, зәулім ғимараттар жүрегімізді тебіренетеді, мерейімізді тасытады. Елорданың заманауи келбетіне шетелдік қонақтар таңданыспен қарауда. Астана ТМД бойынша ең қолайлы, ғажайып қала ретінде та-нылды. Бұл біздің ортақ жетістігіміз.

«Елордамыз - отанымыздың жүрегі, тәуелсіздіктің тірегі». Егер біз бабаларымыздың қанымен келген тәтті сыйымыз тәуелсіздікті ұлы жетістігіміз деп есептесек, Елордамыз соның ең асқақ жемісі. Ол - қазақ деген абыройлы елдің атағын асқақтата түскен биік қамал, тәуелсіздіктің символы. Ол - отанымыздың жүрегі, бейбіт



елдің баға жетпес байлығы. Аста-на күніне орай құттықтауымды қабыл алыңыздар! Жарқын қаламыз одан әрі өркендей берсін, қуанышқа толы мере-ке күні Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, бастамаларыңызға сәттілік тілей-мін.

Бейбіт Жаңылысұлы
СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық мәслихат
төрағасы.

ҰЛТТЫҢ СӨЗІ, ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ
БОЛҒАН ЖУРНАЛИСТЕР



Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық қоғамның құрамдас бөлшегі ретінде билік пен бұқараның арасындағы дәнекер ғана емес, еліміздің толағай табыстары мен зор жетістіктерінің жаршысы бо-лып келеді. Ақпарат саласының дамыған заманында - интер-нет байланысы, баспасөз ба-сылымдары халықты қажетті ақпаратпен толық қамтамасыз етіп отыр.

Біздің аудандық газеттің қызметкерлері - қоғамның тыныс - тіршілігін халыққа жеткізетін, шынайы ақпарат пен әділ пікірдің иелері. Олардың жаңалықты жедел, нақты әрі объективті тарату жолында еңбектері - құрметке

лайық. Елдік мүдде, ұлттың сөзі, халықтың үні болып жүрген «Ақсу өңірі» қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газетінің ұжымын аудан әкімдігінің аппарат жиыны ал-дында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы арнайы қабылдап, 28 маусым - бұқаралық ақпарат қызметкерлері күнімен құттықтады.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, аппараттық кеңістіктегі белсенді қызметі, жоғары кәсібилігі, шынайы әрі жедел ақпарат таратудағы еңбегі үшін деген мәтіндегі «Құрмет Грамотасымен» Қазақстан Жур-налистер одағының мүшелері, газетіміздің директор - бас ре-дакторы Қасымбекова Ләззат

Қалмұхамбетқызы мен жау-апты хатшы Сымханов Ербол Өбдікәрімұлы марапатталса, га-зет тілшісі Мағжан Шындаулет, есепші Гүлжазира Ермұратова, корректор Гүлім Еркінбекова, газеттің сайтын жүргізуші Дидар Қасымов және көлік жүргізушісі Азамат Қасымбеков арнайы «Алғыс хаттарға» ие болды.

Иә, бұқаралық ақпарат құралдары - қоғамдық пікірді қалыптастыратын, халық пен билік арасындағы сенімді көпір болып табылатын аса маңызды сала. Қоғамдағы өзекті мәселелер мен мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын халыққа жеткізіп, шынайы әрі жедел ақпарат таратуды абыройлы міндет етіп, әлеуметтік маңызды жобаларды ақпараттық сүйемелдеу бағытындағы белсенді қызметтері үшін алған марапат-тары мақтануға тұрарлық.

Бір күн бұрын газет қызметкерлері кезінде алдыңғы толқын ағалары, ұстаздары болған ардагер журналистерді аралап, мерекелерімен құттық-тап, құрметтерін көрсеткен еді.

Мен өзім осындай марапатқа бірінші рет қатысып, көңілім көкке жеткендей сезімде бол-дым. Бұл менің аз ғана уақыт ішінде қол жеткізген бірінші марапатым. Сондықтан осы мақаланы жазғанды өз мойны-ма алдым. Осындай қуанышты сәттер көп бола берсін. Мерекелеріңізбен әріптестер.

Гүлім ЕРКІНБЕКОВА.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
ӘДЕБІ – ХАЛЫҚ
СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ



Жетісу облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Ғабит Тұрсынбайұлы 25 маусым күні Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапа-рымен келді. Іссапар барысында ол аудан әкімінің аппарат басшы-сы, аудандық әдеп жөніндегі уәкіл Ерасыл Бауыржанұлымен бірге биыл жаңадан сайланған Егінсу, Молалы, Қарашілік, Ақсу, Қаракөз, Қарасу ауылдық округ әкімдерімен кездесті.

Ғабит Тұрсынбайұлы мен аудандық уәкіл Ерасыл Семба-ев Егінсу, Молалы, Қарашілік, Ақсу, Қаракөз, Қарасу ауылдық округтерін аралап, мемлекеттік қызметкерлермен жүздесті. Кезде-сулерде мемлекеттік қызмет әдебінің алты негізгі қағидасы кеңінен түсіндіріліп, қызметтік көлікті пайдалану тәртібі жөнінде нақты нұсқаулар берілді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің сыртқы келбеті, мінез-құлқы мен халықпен қарым-қатынасына қойылатын талаптар сөз болды.

Жаңадан сайланған ауыл әкімдеріне сәттілік тілеген әдеп жөніндегі уәкіл:

– Әр мемлекеттік қызметші халық сенімін ақтау жолын-да жауапкершілікпен еңбек етуі тиіс. Біздің басты міндетіміз – тұрғындарға сапалы қызмет көрсету және билікке деген сенімді арттыру, – деп атап өтті.

Мұндай кездесулер мемлекеттік қызмет мәдениетін арттырып, әдеп нормаларын сақтауға ықпал етеді. Бұл халыққа адал да ашық қызмет көрсетудің басты кепілі болып саналады.

М.ШЫНДӘУЛЕТ

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛДЫҢ II - ЖАРТЫ
ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне II - жарты жылға жазылу бағасы - 2207 теңге 60 тиын.

Газет индексі: 65750

БАҒЛАҒОЗ 2025

Ел дәуресі - Астана!

Мемлекеттігіміздің мәйегі, дербестігіміздің дәйегі

Қазақстан — бейбітшілік пен бірліктің мекені. Қазақстан — Еуразия жүрегінде орналасқан тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан бүгінде әлемге танымал, дамып келе жатқан елдердің бірі. Елдің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанда түрлі реформалар жүзеге асырылып, экономика, білім беру, медицина, ғылым мен мәдениет салаларында айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Қазақстан — көпұлтты мемлекет. Мұнда 130 - дан астам ұлт өкілдері тату - тәтті өмір сүреді. Мемлекет бейбітшілік пен келісім саясатын ұстана отырып, халықаралық деңгейде де өз беделін арттырып келеді. Елде ұлтаралық татулықты сақтау үшін Достық үйі мен Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмыс істейді.

Еліміздің кең байтақ жері, шұрайлы даласы, табиғи байлығы — халқымыздың басты қазынасы. Қазақстан жерінің асты - үсті кенге толы, ал, Алтай мен Алатау баурайы көркем табиғатымен көз тартады. Сонымен қатар, еліміз — әлемге "Бәйтерек", "EXPO-2017", "Астана Опера" сынды заманауи сәулеттік нысандарымен танымал.

Бүгінгі таңда Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар ел болашағына деген сенімді арттырады. Жастарға сапалы білім беріліп, озық технологиялар енгізілуде.

Қазақстан — өткенін ұмытпай, болашағына нық сеніммен қарайтын ел. Тарихын құрметтеп, ұлт құндылықтарын дәріптеген мемлекет ретінде ол әрқашан бейбітшілікті, достықты, бірлікті ту етеді.

Мемлекеттігіміздің мәйегі, дербестігіміздің дәйегі болған ел жүрегі - Астанамыз - елдің жаңа әкімшілік және мәдени орталығы. Қала заманауи архитектура-сымен және даму қарқынымен әлем назарын аударуда.

Астана қаласының туған күні бұл Қазақстан үшін маңызды мерекелердің бірі. Ол жыл сайын 6 шілде күні аталып өтеді. Бұл күн ресми түрде елорданың Астана мәртебесін алған күнімен байланысты және Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың туған күнімен сәйкес келеді.

Астана туралы қысқаша мәлімет:

Бұрынғы атаулары: Ақмола, Целиноград, кейін қайтадан Ақмола, 1998 жылы — Астана, 2019 жылы — Нұр-Сұлтан, 2022 жылы қайтадан Астана болып өзгертілді.

Астана астана мәртебесін 1997 жылы 10 желтоқсанда иеленді, ал, ресми тұсаукесері — 1998 жылы 6 шілдеде өтті. Қаланың архитектурасы заманауи стильде салынған, Бәйтерек, Хан Шатыр, Ақорда, Бейбітшілік және келісім сарайы сынды нысандар бүкіл әлемге танымал.

Бәйтерек — арман символы.

Астананың басты символы — "Бәйтерек" монументі. Ол Самұрық құсының өмір ағашының басына жұмыртқа салуы туралы қазақ аңызынан шабыт алған. Монументтің биіктігі — 97 метр, бұл Астананың астана атанған жылын (1997) білдіреді.

Бейбітшілік қаласы.





Астана түрлі діни форумдар мен халықаралық саммиттердің орталығы ретінде танымал. Бұл қалада әртүрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді, сондықтан ол кейде "бейбітшілік қаласы" деп те аталады.

Қазақстанның дамуымен тығыз байланысты. Қаланың жаңа келбеті — заманауи архитектура мен ұлттық нақыштың үйлесімі. Мұндағы "Бәйтерек", "Хан Шатыр", "Бейбітшілік және келісім сарайы", "Ақорда" сияқты нысандар — еліміздің өркендеуінің айғағы.

Бұл қалада халықаралық деңгейдегі ЭКСПО-2017, әлемдік діндер съезі, түрлі бітімгершілік кездесулер өтті. Астана арқылы Қазақстан өзін бейбітсүйгіш ел ретінде таныта білді.

Елдің болашағы — Астанада Астана — жастар қаласы. Мұнда еліміздің ең үздік білім ордалары орналасқан. Жас ғалымдар мен мамандар осы қалада қалыптасып, ел дамуына үлес қосуда. Астана — болашаққа жол ашатын қала.

Ақзейнеп БЕРЛІБЕК.



Дін және ғылым

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ



Дін мен ғылымның арақатынасының тарихы күрделі. Дінге қарсы атеистік әдебиеттерде ғылым жарықпен, сәулемен, ал, дін – қараңғылықпен және надандықпен теңестірілген. Өрбір кеңестік кезеңдегі оқушы мен студентке ең көп тараған, басшылық еткен идеологияның стереотипі күнделікті санадан орын алды. Оған дәлел сол заманда өмір сүрген әкелеріміз бен ағаларымыздың өңгімелерінен естіген уақиғалар. Кеңес дәуірінде оқығандар емтиханға кірерде, билет аларда қолдарын маңдайына, кеуделеріне ұрып кірген екен. Бірақ олар сол қалпы шоқынып та кеткен жоқ. Тіпті оған сенген де жоқ. Тек автоматты түрде жасалған әрекеттер.

Ол Кеңес дәуірінде, яғни, XX ғасыр. Оның алдында діннің рөлі өте күшті болды. діндарлар тіпті оқыған білімді адамдарды тоқтатуға тырысты. Өлтірді де. Айтылып отырған дін мен ғылым арасындағы қарама - қайшылықтар мен

айырмашылықтар олардың арақатынасын тарихында қатты көрінеді.

Атап айтқанда, Ұлы поляк астрономы Николай Коперник, итальяндық философ Джордано Бруно, Ұлы итальяндық ғалым Галилео Галилей осы діншілдердің кесірінен көз жұмған.

Өзге ұлт, өзге дін, өзге елдің ғалымдарын былай қойып, қазақтың ғұламаларын сөзге тартсақ, есімізге бірінші түсетін Абайдың әкесі Құнанбай қажы. Ол кісі дініне берік, дана кісі болған. «Тұлғалар өміріндегі Ислам» кітабынан оқысаңыз Құнанбай қажы туралы мынандай керемет уақиға айтылады. Бірде Абай әкесі кітап оқып, ой құшағында жүр дегенді естіп, ауылға келеді. Құнанбайдың кітаптан күніне бір - екі бет қана оқып, ой үстінде жүргенін байқайды. Бір апта өткеннен кейін Абай әкесіне: «Тәте, мына кітапты ұзақ оқыдыңыз ғой. Мағынасы терең кітап па?» – деп сұраса, қажы: «Иә, бұл кітаптың мағынасы терең, тариқат қой» – деп жауап беріпті. «Тәте, Сізді

дін ғылымының данышпаны, ақиқаттың алдында жүр ғой десем, әлі тариқатта жүрсіз бе?» дейді Абай. Сонда Құнанбай басын шайқап: «Әй, Абайжан. Мен сені толық сауатты ма десем, әлі кемеліңе жетпепсің ғой. Танымның негізі осы тариқат емес пе? Тариқатсыз шариғат та, мағрифат та, ақиқат та жоқ. Осыны ұқпаған екенсің ғой» – дейді. Сонда Абай үнсіз қалып, былай шыға береді: «Тәтемнің ғылымы неткен терең еді?! Орынсыз сұрақ қоюға болмайды екен, «Ақиқаттың алдында тұрсыз» дегенім – өлім тілегенім екен ғой» деп қатты өкініпті. «Төрт кітаптың шындығына көзі жеткен дана Абайдың өзін орнына қойып, жүрегін суытқан Құнанбайдың білім дәрежесі сонда қандай деңгейде болғаны?» – деп таң қаласың. Абайдың өзі екі өлеңінің бірінде дінді қосып айтып отырған. Ы.Алтынсарин: «Кел, балалар оқылық» деген өлеңін «Бір Аллаға сыйынып, кел балалар оқылық» деп бастаған екен. кейін Кеңес заманында алғашқы жолы алынып қалған.

Қазіргі заманда ғылымның рөлі күшейіп кеткендігін айтпасақ та белгілі. Біріншіден, бұл ғылыми жетістіктердің жылдам өсуімен түсіндіріледі. Екіншіден, жастар білімге де дінге де ерекше көңіл бөліп келеді. Яғни, дін мен ғылым біріккен кезең басталды. Ал, екеуі біріксе бойында иманы, ойында білімі бар жастар елімізді биіктен көрсететініне сенім мол.

Алмат САЙЛАУБЕК,
аудандық ішкі саясат,
мәдениет, тілдерді дамыту
және спорт бөлімінің
басшысы.

БАҚША ДАҚЫЛДАРЫ МАУСЫМЫНДА НИТРАТТАРМЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ



Нитраттар – бұл өсімдіктердің қоректік элементтері болып табылатын азот қышқылының тұздары. Қалай қауіптің алдын алуға болады?

1. Маусымда жергілікті өндірушілердің топырақта өсірілген көкөністерін таңдаған жөн.

2. Тым үлкен емес және жылтыр емес жеміс-көкөністерді таңдау керек, өйткені олар нитраттардың көп мөлшерін жинауға бейім.

Нитрат өнімдерінің белгілері:

- тәтті дәмнің болмауы;
- қарбыз немесе қауынның піспеген тұқымдарының болуы,;
- айқын емес дәм мен хош иіс (қияр, қауын);
- өсімдіктің ортаңғы бөлігінде тамырлы тін;
- қарбызда сары талшықтардың болуы.

Қауіпсіз бақша өнімдері тек тамыздың аяғында – қыркүйектің басында пайда болады. Осы уақытта алмұрт пен шабдалы да піседі. Қияр, алма, қызанақ пен қырыққабатты шілде айында сатып ала беруге болады.

Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Ақсу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) жұқпалы аурулардың және тағамнан уланудың алдын алу және оларды болдырмау мақсатында сатып алынған көкөністер мен жемістерді тұтынар алдында міндетті түрде сумен мұқият шаюға кеңес береді және ешбір жағдайда сатып алған жерде тұрып жеуге болмайды. Әсіресе, балаларға жуылмаған жеміс-жидектерді жегізбеу өте маңызды. Қарапайым гигиена қағидаларын сақтамау асқазанның бұзылуына, тіпті ауыр ішек инфекциялары – дизентерияға, А гепатитіне, энтеро және ротавирустық инфекцияларға әкелуі мүмкін!

Басқарма көкөністер мен жеміс-жидектерді «күмәнді» жерлерден емес, тек рұқсат етілген жерлерден сатып алуға кеңес береді. Рұқсат етілмеген жерлерде, табиғи базарларда, қала көшелерінде, автомобиль жолдарының бойында жемістер мен көкөністерді сатып алу дұрыс емес. Өнімді тек сауда үшін арнайы бөлінген жерлерден сатып алу керек. Сондай-ақ, сатушыдан тауардың қауіпсіздігіне көз жеткізу үшін декларацияны көрсетуді сұрау артық болмайды.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау
басқармасының басшысы.

Жетісу облысының ауылшаруашылығы басқармасы (бұдан-әрі Басқарма), Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 13 сәуірдегі «Ауылшаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидаларын бекіту туралы» (бұдан - әрі Қағида) №137 бұйрығына сәйкес, егін жинау жұмыстарына ауылшаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік операторларды айқындауға қатысуға арналған өтінімдерді 2025 жылдың 25 маусым сағат 15 - 00 - ден бастап 2 шілде сағат 15 - 00 - ға дейін қабылдайды.

Өтінімдер басқарманың obl.jetisy@mail.ru электрондық поштасында және Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй, 2-қабат, 205-кабинет мекеңжайы бойынша қабылданады (Пошта индексі: 040000). Жұмыс телефон нөмері: 8 (7282) 60-00-52.

Қағидаға сәйкес Дизель отынын ресурс ұстаушыдан өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімінің әлеуетті операторы мен өндірушісі мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік операторларды айқындауға қатысуға арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім);
- 2) ауылшаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отынын сатып алу, жеткізіп беру, сақтау және жеткізу жөніндегі қызметтер үшін үстеме бағаның жалпы сомасын көрсетілген баға ұсынысы;
- 3) кемінде екі жыл Қазақстан Республикасының ішкі нарығында мұнай өнімдерін өткізу тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 4) дизель отынының қажетті көлемін сатып алу үшін әлеуетті оператордың шотында ақшалай қаражаттың не кредиттік қаражаттың болуы туралы банктен анықтама;
- 5) әлеуетті операторға қызмет көрсетілетін банктің уәкілетті тұлғаның қолы қойылған және анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытқа созылатын әлеуетті оператордың міндеттемелерінің барлық

ЕГІН ЖИНАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ОПЕРАТОРЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ



түрлері бойынша банк алдындағы мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы мөрі бар (бар болса) анықтамасы (егер әлеуетті оператор бірнеше екінші деңгейдегі банктердің клиенті болып табылған жағдайда, мұндай анықтама өтінім берілетін күннің алдындағы бір айдан кейін берілген осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады);

6) өтінім берілген күнге дейін күнтізбелік бес күннен кейін берілген салық берешегінің жоқтығын куәландыратын құжат;

7) мұнай өнімдері базасына немесе резервуарға тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама не мұнай өнімдері базасын немесе резервуарды жалдау шартының көшірмесі;

8) мұнай өнімдерінің немесе резервуардың базасы бойынша ұсынылатын құжаттар (әлеуетті операторда меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде бар);

мұнай өнімдері базасының жай-күйі және техникалық жарақтандырылуы туралы ақпарат;

мұнай өнімдері немесе резервуар базасының техникалық паспортының көшірмесі;

цистернасы немесе автоматты құю жүйесі бар автомашина (бензин тасушы) үшін таразының болуы;

«Мұнай өнімдері базаларының өндірістік объектілерін бақылау есептеу аспаптарымен жарақтандыру жөніндегі қағидалар мен талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №435 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №31279 болып тіркелген) сәйкес мұнай өнімдері базасында есепке алатын бақылау аспаптарының болуын және орнатылуын растайтын құжат;

9) көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу кезеңінде демалыс және мереке күндері дизель отынын босату туралы келісім-хат;

10) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде дизель отынын ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге жеткізуге арналған цистернасы бар автомашинаның (бензин тасығыштың) болуын растайтын құжаттың көшірмесі;

11) мұнай базаларының орналасу схемасы.

12) тауарларға арналған ілеспе жүкқұжатқа сәйкес дизель отынын тасымалдау үшін электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің «Виртуалды қойма» модулін қолдану туралы растау.

Өтінім қабылдау аяқталғаннан кейін көктемгі дала жұмыстарына ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік операторларды айқындауға комиссия отырысы өтеді.

Комиссия отырысы өтетін орын: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26 - үй, 2 - қабат, 207 - кабинет. Сағат 15:00, 8 шілде 2025 жыл.

Барлық сұрақтар бойынша 8 (7282) 60 - 00 - 52 телефон нөмеріне хабарласуға болады.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
БАСҚАРМАСЫ.

ЕСІМІ ЕЛГЕ ЕЛЕУЛІ

Ғаламшардағы әр пенде шіркіннің барлығында өмір атты тылсым тіршілік құдіретінің қызығы мен қиындығын қатар кешіп, өз жолын, өз бақытын тәубаға, мақсат - мұратына асыға жетуге тырысатыны шындық. Бірақ, адам бойына ана - сүтімен, баба тегінен даритын дана қасиеттер ғана адамдық болмыстың биігінде дараланып, ғибратты ғұмыр кешуіне бағдар шам болары даусыз.

Ал, бақ әуелі көрі - жас демей адамның аяғына, ақырындап беліне жетеді екен. Осы кезде бақ пен бақытты көтере алатын кеудеге орнығады. Енді кеуде көтеріп, менмендікке берілмесе басқа қонады деген аталы сөз бар. Қалай қонады десек.

- Нағыз азаматтың іс - әрекеті жүрек жұтқан тәуекелден тұрса, әр ісін жастайынан зерек зердемен байыппен жақсы мен жаманды талғам таразысына салғанда ғана дейді даналар, олай болса адамгершілік мөлдір бастауынан нәр алып он үшінде қолына кетпен ұстап, еңбек жолын Еңбек ауылында сушылықтан бастаған бұл күнде осы ауылдың құрметті азаматы, әрі ауыл ақсақалдар алқасының төрағасы 70 деген құдіретті жайлау төрінің қадірлі қонағы болып, бақыт деген киелі атанып отырған Әуелбек жайлы сыр толғасақ.

Енді, міне уақыт келе аяқты кең алып жүретін сезімі сергек, адалдықты алмас семсердей ұстаған кішіге асқар таудай аға, үлкенге ілтипатты іні болып, парасатты абыз ата кемел шақты Әуелбектің өмірі жайлы зер саларлық.

Қай ауыл баласы болмасын шағын көшенің бұрқыраған шаңын аспанға көтеріп ойнамады дейсіз. Әуелбекте базары балалық шағын дәл осылай бастап ерте есейді. Ол жолдары бала-лар ата - анасының қасында уақ - түйек жұмыстарға шегіліп қызылша сиретуге көптеп шығаратын.

Осы жұмыстарды намыс көріп, он үш жасында сушы болам деп әлек салмай ма? Үлкендер болса бала деп менсінбейді, қолынан келмейді деп, көмекшілікке алмайды. Бірбеткей бала айтқанынан қайтпайды. Содан бригадир бір сушыға қосып жіберген ғой. Бір жағы бригадир әкесін танитын болған соң, сыйлы ақсақалдан ұят болар деп қолын бір сілтеген көрінеді.

Әуелде әккі сушылар Әуелбекті алғашқы күндері бала деп мән бермеген болса керек, ауылдың шаң - топырағына алысып - жұлысып өскен шымыр бала аз құлақ суды белдемше тұстан мықтап бекітіп, өзіне берілген қызылша алқабын қандыра суара бастайды. Үлкендердің бала ғой деген сөздеріне намыстанып таң атпастан алқапқа аттанып, қас қарая қайтуды әдетке айналдырды. Қанып ішкен судан қазылша жайқала өсіп, звено жетекшісі де, бригадир де риза бола бастайды. Енді звено жетекшілері мына ескі сушыларынды алып кетіңдер, бізге Әуелбекті беріңдер деп таласа бастайды. Мұны білген ауыл басшылары «Ана бала құрлы жоқсындар» - деп сушыларды сыбайды келіп. Сушылар болса, «бала десек, әй бәле екен ғой» - деп күңкілдейтін көрінеді. Сонымен не керек жазғы демалыс бітіп, күзге қарай мектеп ауласы балалардың у - шуына толып, жаңа оқу жылы да басталады. Ауыл, мектеп жиындарында Әуелбектің есімі атала бастайды. Өйткені қызылшаның жиын - төріні кезінде Әуелбектің суғарған алқабынан алынған өнім ау-

дан көлемінде жоғарғы көрсеткіш болыпты. Осыдан кейін ауыл ақсақалдары әне Жақсылықтың ұлындай болындар, жақсы жұмыс жасасандар жақсылыққа жетесіңдер, - дейтін көрінеді.

Осылайша Жанар тау - жалыны Әуелбектің кеудесінде он үш жасында - ақ от болып жаныпты.

Еңбегі мен оқуын жастайынан жалғастырып келе жатқан Әуелбек Еңбек ауылындағы мектепті ойдағыдай аяқтап, аудан орталығындағы Қ.Сәтбаев атындағы мектепті 1973 жылы аяқтап шығады.

Ендігі мақсат қай бала болмасын жоғарғы білім алуды ойлайды емес пе. Бір қызығы бұл кездейсоқтық па әлде бала кезден сушы болуы арманы жетелеп Алматыдағы гидромелиоративтік техникумға оқуға түсуге бел буып, құжаттарын тапсырып, абыроймен оқуға түседі. Оқуды аяқтап, 3 жылдық Отан алдындағы әскери борышын өтеп, туған жерге туынды тік деген аталы сөзді естіп өскен азамат ауылына оралып мамандығы бойынша ауылшаруашылықтың түрлі

ЖАНАР ТАУ - ЖАЛЫНЫ
ОН ҮШІНДЕ - АҚ ОТ
АЛҒАН
(Эссе)

жұмыстарына атсалысады. Тапсырылған міндеттерді жауаптылықпен, жігермен орындағандықтан ауыл басшылары азаматты бригадир етіп тағайындайды. Ол заманда бір ауылдың өзінде сүт фермасы, мал өсіру, жем - шөп дайындау, астық өсіру және де малды жайлауға көшіру - түсіру сияқты жұмыстарға бригадирлер жауап беріп жататын. Осындай азаматтардың қатарында Әуелбек те бар еді. Өзіне таныс ауыл үлкен - кішілермен жоғарыда айтқандай інілік - ағалық ілтипатпен тіл табысып, аудан, ауыл көлеміне таныла бастайды. Жас жігіттің әр ісіне тәнті болған басшылар оны бөлімше меңгерушісі етіп тағайындайды. Ол жылдары қант қызылшасын өсіруге үлкен мән берілетін, жастайынан еңбекпен есейіп өскен жігіт бұл саланың қыр - сырын жақсы білгендіктен жоспардан тыс өнім өткізіп, ауыл абыройын асқақтатты.

Бұл Кеңес дәуірі кезінде болғандықтан алған марапат, сый - сияпаттар бір басынан асып түсетіндіктен тізбелеп жазып жатқанды жөн көрмедік.

Иә, Әуелбек парасатты пайымменен қай ортада болмасын кісілігімен іріленіп, дархандылығымен даралана білетін маман.

Алғашқылардың қатарында болып шаруа қожалығын құрып, оның жолын ауылдастарына түсіндіріп, алғаш балаларының аттарынан үш буыннан құрастырып «ДИ-МАНХАН» атты шаруа қожалығын құрып, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Ауыл, аудан көлеміндегі түрлі іс - шараларға қатысып, қысылған жандарға қайырымдылық көрсетуден тыс қалған емес.

Дана бабаларымыз ақ жаулықты әйелді жігіттің екінші байлығы деп мақалдапты. Егілінде жігітке болмысының мәні, әр күнінің сәні, болашағының дәні болатын жақсы жар кездесе, бағы мен бақытының жанғаны дей беріңіз. «Кейде



облыстық жарыстарға қатыстыра бастады. Сол жарыстардан неше дүркін облыстың чемпионы деген құрметті тұғырға бірақ шықты. Осындай жарыстардағы жеңістің бір қызығына мен де куә болдым. Аудан орталығында еркін күрестен облыстық жарыс өтіп жатты. Салмақ дәрежесі бойынша 9 сынып оқушысы Әуелбекке қарсылас болып облыс, республикаға танымал техникумда оқитын жеңімпаз Мергенбаев Ықсан финалда тап келді. Сол финалда Ықсан қарсылас баланы менсінбей ортаға билеп шыға келгені сол - ақ екен Әуелбек тап беріп қалпақтай түсіргенін өз көзіммен көрдім. Ықсан палуан не болғанын түсінген жоқ, төрешілер жеңімпаз баланың қолын көтерді, дүйім жанкүйер дүр етіп орнынан тұрып қол шапалақтады. Мені де жеңістің қуанышы толқытты. Осы жарыс-тан тағыда бір намыстың жігерін айтқым келіп тұр. Жоғарғы салмақта күрескен мығым денелі Армян палуанымен қарсы шыққан Секен Жақыпбековты айтпасқа болмас. Өйткені, осы жарыста қазақтың намысын жерге таптатпай сом денелі армян палуанын Секен ұтып, ауданның намысын қорғаған жігіттер жарады, бауырларым аудан намысын асқақтатты.

1971 жылы Талдықорған қаласында республикалық жасөспірімдер арасында наурыз айында қазақша күрестен өткен жарыста ауданымыздың үш палуаны Республиканың чемпионы атанды, олар Жақсылықов Әуелбек, Шалапов Төкен және Мәжиттей палуандар еді.

Сол жылы Қарағанды қаласында өткен еркін күрестен Жақсылықов Әуелбек финалда Қарағандылық өлем чемпионы шешен палуан Мұса Абдулмұслимовпен кездесіп 1 ұпай санымен жеңілді. Жас баланың өлем чемпионымен шығуының өзі жеңіс емес пе?

1974 жылы шілде айында Республикалық Кенен Әзірбаев атамыздың 90 жылдық мерейтойы кезінде әскерилердің атынан қатысып, қазақша күрестен Бас жүлдеге ие болды.

Адамның жақсы болуы нағашыдан. Ал, достар осы күрес қайдан қонды десек нағашы атасы Кенебайдан дарыған.

Жас баланы күреске баулу, ынтасын ашу туған ағасы Қамалбеков Егеубекке байланысты. Алғашқы жаттықтырушысы Одаққа белгілі атақты палуан, ағасы Қамалбеков Егеубек. Егеубек аға туралы өте көп айтуға да жазуға да болады.

Жақсы атты болуды ойламаған, Жаманатты болам - ау деп мазаланбаған. Жеке басының даңқын шығаруға ұмтылмаған. Шын болмысы Жақсылықов Әуелбек табиғатынан.

Жақсылықов Әуелбек туралы бүгін де сөз қозғадық, ардагер - ардақты, қадірлі деген мағынаны білдіреді. Ел қамын ойлап, намысын қорғаған, елеулі еңбек сіңірген, беделі асқақ адамды халық «ардагер» деп жоғары бағалайды.

Қоғамда ерекше істерімен ақыл - парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен елге танылған Жақсылықов Әуелбек осындай атқа лайық тұлға.

Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ
Қазақстанның құрметті журналисі.
Ақсу ауданының Құрметті азаматы.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданы бойынша шығып қалған округтік, учаскелік сайлау комиссия мүшесі туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19 бабының 6 тармағына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерін атқарып жүрген міндеттерінен өз еркімен өтініші бойынша келесі комиссия мүшесі босатылсын:

- 1) №7 округтік сайлау комиссиясының хатшысы Калшаева Мадина Нуркамаловна.
 - 2) №4 сайлау сайлау комиссиясының төрағасы Шермұхан Тарғын Мұратұлы.
 - 3) №4 сайлау сайлау комиссиясының хатшысы Демекеева Гульнар Түрсеменовна.
 - 4) №2 сайлау сайлау комиссиясының мүшесі Мұратхан Әдемі Мұратханқызы.
2. Осы Қаулы Ақсу ауданы әкімдігі сайтының «Сайлау» интернет-парақшасына және жергілікті аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.
3. Осы Қаулының орындалуын қадағалау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Комиссия төрағасы

С.ЖҰМАБЕКОВ

Комиссия хатшысы

И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Жансүгіров ауылы,
2025 жылғы 23 маусым,
№39

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданы бойынша шығып қалған комиссия мүшелерінің орнына округтік, учаскелік сайлау комиссиясының мүшесін тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 19 бабының 8 тармағына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерінің орнына сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыратын орган осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін келесі сайлау комиссиясының мүшелері тағайындалсын:

- 1) №2 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Базарбаева Гульшат Муратхановна.
 - 2) №4 учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы Калшаева Мадина Нуркамаловна.
 - 3) №4 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Демекеева Гульнар Түрсеменовна.
 - 4) №7 округтік сайлау комиссиясының хатшысы Шермұхан Тарғын Мұратұлы.
2. Жоғарыда аталған комиссия мүшесінің саяси партияның ұсынысы бойынша сайлануына Ақсу аудандық мәслихатына тиісті құжаттар ұсынылсын.
3. Осы Қаулының орындалуын қадағалау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Комиссия төрағасы

С.ЖҰМАБЕКОВ

Комиссия хатшысы

И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Жансүгіров ауылы,
2025 жылғы 23 маусым,
№40



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС - ЦИФРЛЫ БОЛАШАҚ ЖОЛЫНДА

Жетісудың жасыл жайлауында, бір білім ордасы бар. Ол – Ақсу агротехникалық колледжі. Аудан орталығында 1960 жылы алғаш механизаторлар мектебі болып ашылған оқу орны қазір шарықтау үстінде. Білім ордасының ең көтерілген шыңы 1993 жыл болды. Тарихы тереңде жатқан бұл оқу орны, жылдар бойы талай шәкірттің жүрегіне білім нұрын сеуіп, болашаққа жол сілтеді. Бұл қара шаңырақ тек біліммен сусындатып қана қоймай, өмірдің қыр-сырын үйрететін, нағыз шеберлерді даярлайтын мектеп. Механизаторлар мектебінен бастау алған қарапайым тарихы, бүгінде сан қырлы мамандықтарды даярлайтын, заманауи білім ордасына айналды.

«Жұмысшы мамандықтарына жаңа көзқарас – цифрлы болашақ жолында». Дәл осы ұран, колледждің әрбір қадамына, әрбір тынысына әсер еткендей. Себебі, қазіргі заман – цифрлық технологиялардың заманы. Ескінің көзін жоғалтпай, жаңаны үйрену – заман талабы. Колледждің оқу кабинеттері мен шеберханалары ең соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталған. Студенттердің қолындағы компьютерлер, олардың білім әлеміне ашылған терезесі іспетті.

Ақсу агротехникалық колледжі – білім беру саласында өзіндік орны бар, жоғары білікті мамандар даярлайтын оқу орны. Колледждің жетістіктері оның сапалы білім беру жүйесінің және ұжымның кәсіби деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Олар студенттерге теориялық біліммен қатар, практикалық дағдыларды да үйретеді. Оқу процесінде заманауи ақпараттық технологиялар, интерактивті әдістер және дуальді оқыту жүйесі қолданылады. Бұл тәсілдер студенттердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталады. Колледж ұжымы мен студенттері жыл сайын түрлі деңгейдегі байқаулар мен жобаларда үздік нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

1. 2025 жылы Мемлекеттік тілді еркін меңгерген этнос өкілдері арасында ұйымдастырылған «Мемлекеттік тіл-достықтың алтын көпірі» атты облыстық байқауында жоғары нәтиже көрсеткен үшін І орынды Ушакова Вера иеленді.

2. Халық қахарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына және Республика күніне орай Алғашқы әскери және технологиялық дайындық жетекшілері арасында ПНЕВМАТИКАЛЫҚ ВИНТОВКАДАН АТУ МЕН АВТОМАТТЫ ЖАРТЫЛАЙ БӨЛШЕКТЕП-ЖИНАУДАН өткен республикалық турнирде І орын алғаны үшін Крамов Маулет марапатталды.

3. Талдықорған индустриялық колледжінің 90 жылдық мерейтойына орай қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған облыстық «МИ BATTLE» зияткерлік ойынында өз білімін жоғары деңгейде көрсеткені үшін Мұқай Гүлнұр және Қызыбай Самал ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды жетекшісі Молдақымбет Банугүл.

4. Жетісу облысының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен Аспаз ісі – құзіреттілігі бойынша WorldSkills Kazakhstan стандарттарын қолданатын облыстық кәсіби шеберлік байқауында І орын иеленген Жексембек Алина марапатталды жетекшісі Темірханова Гульзат Тулеужановна.

5. «Электромонтаждаушы» біліктілігі бойынша ІІ курс білім алушылары арасында өткен «XXI ғасыр жас шебері» байқауына қатысып ІІ орын алған үшін Дыдыкин Артем марапатталды жетекшісі Ахметқалиев Елжас.

6. Облыстық «Жас Педагог-2025» байқауында ІІ – орын иеленген Амангелді Айдана Мәлсіқызы марапатталды.

7. «Білімді ұрпақ-ұлт болашағы» атты жалпы білім беретін пәндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған облыстық олимпиадасында «Физика» пәні бойынша ІІІ орын иеленген Жарасхан Ердо марапатталды жетекшісі Тобықбаева Айгерім Турарбековна.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері арасында «Энергетика»

мамандығы бойынша облыстық кәсіби шеберлік байқауында Бас жүлде иегері атанған Жақсылықов Руслан Бимуханұлы марапатталды.

9. Жетісу облысының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткен «Үздік электромонтаждаушы - 2025» байқауында ІІ орын иеленген Крамаренко Василий марапатталды жетекшісі Ахметқалиев Елжас.

«Кәсіптік білім: Тәжірибе мен теория үйлесімі». Ақсу агротехникалық колледжі үшін бұл тек сөз емес, нақты іс-әрекет. Оқытушылардың әрбір сабағы, теория мен тәжірибенің алтын көпірі іспетті. Ал дуальді оқыту жүйесі – студенттердің кәсіби шеберлігін шыңдайтын, ең тиімді құрал. Олар тек қана кітап бетіндегі біліммен шектелмей, нағыз өндірістің ортасында жүріп, өз мамандығының қыр-сырын үйренеді. Осындай серіктестердің бірі – «Ақсу қант» ЖШС. Ақсудың жазирасындағы алқаптарда өсірілген

қант қызылшасын өңдеп, тәтті өнімге айналдыратын, еліміздің экономикасына зор үлес қосып отырған кәсіпорын. Колледждің «Қант өндірісі» мамандығының студенттері, «Ақсу қант» ЖШС-нің қайнаған тірлігінде шыңдалады. «Ақсу қант» ЖШС-нің басшысы, Надирбаев Самат Тлеубаевич, колледждің сенімді серіктесі ғана емес, студенттердің жанашыры, тәлімгері. Ол студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне, өз білімдерін нақты жұмыс жағдайында қолдануға барлық жағдайды жасайды.

Ақсу қант зауыты – күрделі технологиялық процесс. Мұнда қант қызылшасы жуылып, ұсақталып, шырыны сығылып, тазартылып, кристаллданғып, кептіріледі. Осы процестің әрбір кезеңі, болашақ қант өндіру операторлары үшін қызықты да, жауапты іс. Студенттер зауыттың зертханасында қанттың сапасын анықтауды, құрал-жабдықтарды басқаруды, технологиялық процестерді бақылауды үйренеді. Колледждің материалдық-техникалық ба-

засы заман талабына сай жабдықталған. Оқу шеберханалары, кітапхана, спорт және жаттығу залдары, асхана сияқты инфрақұрылымдар студенттердің сапалы білім алуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, колледж жоғары жылдамдықты интернетпен жабдықталған және жергілікті компьютерлік желісімен қамтылған. Аспазшылардың лабораториясы, жол жүру ережесі кабинеті, негізгі жол қауіпсіздігі, психология, әдістемелік кабинеттері жаңа технологиямен жабдықталған. Колледж жанындағы шеберханада токарлық, ұста, аккумулятор, білікті темір жөндеу және мотор жөндеу техникалық қызмет көрсету, форсункаларды реттеу және жинау аппараттары, жөндеу цехтары жұмыс істейді. Теориялық кабинеттер оқуға қажетті оқулықтар мен техникалық оқу құралдарымен жабдықталған. Колледжде студенттерге түрлі мамандықтар бойынша білім беріледі. Олардың қатарында: 9-сынып базасы, негізгі орта білім негізінде - оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;

1. 07150500 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) 3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші

2. 07161300 Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 3W07161301 Автомобиль жөндеу слесарі

3. 10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру 3W10130302 Аспазшы

4. 07210400 «Қант өндірісі» 3W07210401 Қант өндіру операторы 11-сынып базасы, жалпы орта білім негізінде - оқу мерзімі-10 ай

1. 07150600 Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша) 3W07150601 Жөндеуші-слесарь

2. 07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу 3W07230102 Арнайы тігінші

3. 07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру 3W07161603 Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі

4. 07140100 Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша) 3W07140101 Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь

5. 10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру 3W10130302 Аспазшы

6. 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы. Бұл мамандықтар колледждің білім бағдарламасында көрсетілген және студенттерге қажетті дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Ұстаздардың жүрегінен шыққан әрбір сөзі, әрбір кеңесі – студенттердің болашаққа деген сенімін арттырады.

«Колледж – болашаққа бастар баспалдақ». Ақсу агротехникалық колледжі – әрбір студенттің арманына жетудің жолындағы алғашқы баспалдақ. Бірі – үздік аспаз болуды армандаса, екіншісі – білікті дәнекерлеуші болуды мақсат етеді, ал үшіншісі – қант өндірісінің майталманы атануды көздейді.

Колледжде әрбір студентке жағдай жасалған. Стипендиялар, материалдық көмек, тегін ыстық тамақ – бұл жастарға көрсетілетін қамқорлықтың бір бөлігі ғана. Студенттердің жатақханада жайлы тұруы, олардың сабаққа деген ынтасын арттырады.

Колледждің жетістіктері – студенттердің түрлі байқаулар мен жобалардағы жеңістері. Мемлекеттік тілді жетік меңгергендердің «Мемлекеттік тіл – достықтың алтын көпірі» атты байқауында топ жаруы, спорттық жарыстарда қол жеткізген табыстары, кәсіби шеберлік байқауларында алдыңғы орынды иеленуі – колледждің атын асқақтатып тұр.

Ақсу агротехникалық колледжі – бұл жай ғана білім ордасы емес, бұл – өмірге жолдама беретін үлкен мектеп. Осында оқыған әрбір студент, болашақта өз елінің жанашыры, білікті маманы боларына сенімдімін. Колледждің қабырғасында қаланған білім, тәтті де берекелі еңбекке Қолға алған әрбір іс – жарқын ертеңнің кепілі. Білім алып, өз арманына қарай нық қадам бас! Біздің басты мақсатымыз – кәсіби білікті, заманауи технологияларды меңгерген, еңбек нарығында суранысқа ие мамандар даярлау. Біз әрбір студенттің болашағына жауапкершілікпен қарап, сапалы білім мен саналы тәрбие беруді басты міндетіміз деп санаймыз. Болашаққа сеніммен қадам басқан жастарымыз арқылы ел ертеңі жарқын болатынына сенеміз!

Б. БАЙЖҰМАНОВА,
колледж кітапханашысы.



АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшесі құрамына және №18 учаскелік сайлау комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу туралы
«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 20 бабының 12 тармағына сәйкес, аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. № 18 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Жесекбаев Улан Калкаманович, туысқаны Қалқаман Еркебұлан 2025 жылдың 18 маусымында Ойтоған ауылдық округі әкімдігіне кандидат болып тіркелуіне байланысты, уақытша сайлау науқаны кезеңінде сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқаруы тоқтатылсын.
2. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Мусабаланов Габит Ахметкожанович, туысқаны Мусабаланов Ильяс Сабитович 2025 жылдың 18 маусымында Жансүгіров ауылдық округі әкімдігіне кандидат болып тіркелуіне байланысты, уақытша сайлау науқаны кезеңінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі қызметін атқаруы тоқтатылсын.
2. № 18 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі қызметіне уақытша 2025 жылдың 18 маусымынан бастап, сайлау кезеңі аяқталғанға дейін Мамырбаева Алия Турсуновна тағайындалсын.
3. Осы Қаулы Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.
4. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Төраға

С.ЖҰМАБЕКОВ

Хатшы

И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Жансүгіров ауылы
18 маусым 2025 жыл
№37

#3АН ЖӘНЕ ТӘРТПІ

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері **197 (153)** интернет алаяқтық фактілері тіркелген, жалпы алғанда өткен жылмен салыстырғанда интернет-алаяқтық 28,8%-ға азайған.

197 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: *Талдықорған қаласы-108, Текелі қаласы – 19, Ақсу – 9, Алакөл – 11, Ескелді – 10, Кербұлақ – 8, Көксу – 6, Қаратал – 10, Панфилов – 7, Сарқан – 9.* Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе құмбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.
2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.
3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.
4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.
5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.
6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.
7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.
8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Жандос АСЫЛБЕКОВ,

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығының орынбасары - қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің бөлім бастығы әділет кеңесшісі.

БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді, құқықтарын қорғауға және қалпына келтіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Мәселен, Департаментпен Панфилов ауданы тұрғынының «Жеке куәлік пен паспортты беру» мемлекеттік қызметін Панфилов ауданы Полиция бөлімі сапасыз көрсеткендігі туралы шағымы қаралды.

Шағымды қарау барысында «Жеке куәлік пен паспортты беру» мемлекеттік қызметі сапасыз көрсетіліп, алған құжаттарының түп нұсқасы мен цифрлық нұсқаларында сәйкессіздік анықталды.

Көрсетілетін қызметті алушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Департамент тарапынан қажетті іс-шаралар жүргізіліп, нәтижесінде мемлекеттік қызмет алушының құжаттары сәйкестендіріліп, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Аталғанның негізінде, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №75 мекенжайы бойынша жазбаша түрде, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «Kenes 1414 official» telegram-бот арқылы жүгіне аласыздар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ.

● МАМАН КЕНЕСІ

Екпеден бас тарқанның қауіпі

Көптеген ата - аналарды жоспарлы екпелерден бас тартуға бола ма деген сұрақ мазалайды. Балалар екпесін алудан бас тарту – ол ата-ананың құқығы, немесе қамқоршылардың, себебі олар өз перзентінің өмірі мен денсаулығы үшін ол 18 жасқа толғанға дейін жауапты. Бірақ егер сіз екпеден бас тартуға бел бұрсаңыз, бас тарту заңды және медициналық тұрғыдан саналы қадам болуы тиіс. Бұдан басқа ол болашақта емханалармен, балабақшамен және мектеппен ешқандай қиындықтар туындамауы үшін дұрыс рәсімделуі тиіс. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі 156-бабына сәйкес ҚР аумағында тұратын жеке тұлғалар тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында инфекциялық және паразитарлық ауруларға қарсы профилактикалық екпелерді алуға міндетті.

Профилактикалық екпені енгізу алдында медицина қызметкері егілетін адамды қарап-тексеруді жүргізеді. Медицина қызметкері оған не оның заңды өкіліне профилактикалық екпе, ықтимал жанама әсерлері, олардан бас тарту салдарлары, вакцинадан кейінгі ықтимал асқынулар туралы толық және объективті ақпарат береді. Жазбаша нысанда берілген келісімнің не бас тартудың болуы профилактикалық екпе жүргізудің шарты болып табылады.

Инфекциялық аурулардың өршуін болдырмау мақсатында балалардың ұйымдасқан ұжымдарына профилактикалық екпелерді алғаннан кейін жіберіледі. Тіркеуді әр жағдайында ұйымдасқан ұжымдарда инфекциялық ауруларды тіркеген жағдайда егілмеген адамдар яғни, инфекциядан қорғалмаған

адамдар осы мекемелерге аурудың тоқтатылуына дейін келуден шеттетіледі, себебі инфекциялардан қорғалмаған.

Екпеден бас тартудың салдарлары қандай?

Осындай қадамнан кейінгі ықтимал келеңсіздіктерге мыналар жатады:

- Сіздің балаңыздың ауырып қалуы және отбасы мүшелеріне жұқтырудың қаупі жоғары. Салдарлары қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін, мысалы полиомиелитпен ауырғаннан кейін ол мүгедек болып қалуы мүмкін;

Терісі және шырышты қабықтары бұзылып жарақат алған, немесе жануарлар тістеген кезде сіреспе және құтыру ауруларына шалдығудың жоғары қатері. Кез келген бала осы инфекцияларға шалдығу қатері жоғары жарақат алу, дан немесе жануарлардың тістеуінен кепілдендірілмеген. Сіреспеден тек сіреспеге қарсы екпе енгізу және сарысуды уақытылы жедел енгізу арқылы қорғауға болады.

Сол елде болудың халықаралық медициналық-әлеуметтік ережелері немесе халықаралық шарттарға сәйкес нақты профилактикалық екпелерді талап ететін елге кіруге тыйым салынады;

орындалуы - инфекциялық аурулармен аурудың жоғары қаупімен байланысты жұмысқа қабылдаудан бас тарту.

Тәжірибе көрсеткендей, егілмеген адам ауырғанда инфекция әдетте ауыр нысанда асқынумен және кейде өлім жағдайына әкелумен өтеді. Қалыптасқан жағдайда бала қауіпті инфекцияларға қарсы иммунитеті болмайды, осы арқылы аталмыш аурулардан асқынулардың қалыптасуы және инфекциялануының маңызды қаупіне ұшырайды.

Бруцеллез ауруы



Бруцеллез – зоонозды инфекция. Бруцеллез жануарлардан адамға әр түрлі жолдармен беріледі.

Жиі адамдар бруцеллезді ауру малды күткенде жеке бас гигиенасы ережелерін сақтамаса, ауру мал бөліністерімен заладанған құралдармен тікелей қатынасса, малдың жүнін қырку, малды сою, терісін сыпыру кезінде, мал төлдету кезінде малдың шуы, қағанақ суымен қатынаста болғанда, туған қозыны ауыздандырып емізу кезінде жұқтырып алады.

Сонымен бірге ауру сиыр, ешкі, қойдың қайнамаған сүтін немесе толық термиялық өңдеуден өтпеген өнімдерді тағам ретінде пайдаланғанда ауру жұғады. Аурудың негізі нышаны - қызба, дене қызуы тәуліктің екінші жартысында айқын қалтыраудан кейін жоғарлайды.

Сүйек, буын, бұлшық еттер, жүйке тамырларының ауру сезімі пайда болады. Бруцеллездің алдын алуға

қарапайым іс-шаралар жүргізілуі қажет. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқ киім, қолғап) киюмен жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау. Тағам ретінде сапалы термиялық өңдеуден өткен ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін қолдану.

Ветеринарлық анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан ешқашан сатып алмау.

Малды жайлауға шығарар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерту.

Бруцеллезден сезіктенсеңіз дәрігерден кеңес алыңыз, өйткені көп жағдайда бұл аурумен басқа ауруларды шатастырады, ал емдеу үшін көп уақыт та, қаржы да шығын болады.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

ЖАҚСЫ КЕЛДІ ДЕГЕНШЕ, ЖАРЫҚ КЕЛДІ ДЕСЕҢШІ

Аудан орталығы Жансүгір ауылының айтарлықтай өзгеріске енуіне, көркейіп дамуына, жақсы жаңалықтарымен экономикалық - әлеуметтік өзгерістерге енуіне аудан әкімшілігімен бірге округтің басшылардың, қызметкерлердің жедел - жылдам қимылдауының арқасында сапалы еңбек биігіне қол жеткізуде. Округ басшысы Мұсабажанов Ілияс Сәбитұлы және оның орынбасарлары, жалпы округ қызметкерлерінің жүйелі, нәтижелі еңбегі халықтың ризашылығын туғызуда. Халық көзі қырағы емес пе, қашанда жақсылықты жариялай білу қиындықта төзімді болу халықбақылауы. Жақсы адам жүр жанында демекші, округ басшысы қызметкерлері халықтың әлеуметтік жағдайына да көп көңіл бөлетінін білеміз. Жаны ауырғанның жанынан табыла білетін, көмек ұйымдастыра білетін басшыларға айтар алғысымыз шексіз. Жақсы келді дегенше, Жарық келді десеңші, Жақсылықтың бөлшегін, алып келді десеңші - деген халық даналығын арттырып, болашаққа деген болжауын арттырады. Облыс аудан, ауыл болашағына сенімділік күшейген соңғы 4 - 5 жылда Алматы - Өскемен тас жолы жөнделіп, қалаларға ауылдан қатынау жеңілдікке ие болды. Газ құбыры 2025 - 2026 жылдары ауылымызға енетініне сенімдіміз. Ауыз су мәселесі шешілген. Ауылда абаттандырудың қай саласында болсын Жансүгір округтің әкімшіліктің үлкен еңбегі, жемісті жұмысы айтарлықтай.

Парктегі ағаштардың егілгеніне 10 - 20 жыл өтіп, қурап, сиқы кепкендігі әркімге аян еді, былтырдан бері қураған ағаштың бәрі алынып, орнына жас өскіндер орналастырылу жалғасын табуда. Абаттандыру мен көгалдандыру бағыты өз жөнін тапты. Әрбір жаңадан салынған қабатты үйлердің жанынан балалар ойын алаңдары орналастырылды. Скверлер мен аллеялар көрініс бопты, әлі де жүйелі жұмыстар жүргізілетіні белгілі. Әр көше бабына егілген ағаш көшеттері көктеп, көше көркін көріктендіруде. Аллеялардағы гүл бағы көздің жауын алады, күн көзімен шағылысып, жан дүниенді жадыратады. "Таза Қазақстан" жалпыұлттық акциясына жұмыс істейтін әр ұжым үлестерің қосса, округтің тынымсыз жұмысының арқасында



жалпы ауыл тұрғындары атсалысқандығы туралы айтып өткен жөн.

Биылғы жылы көп қабатты тұрғын үйлердің шатырлары мен қасбеттерін жөндеу басталды. Облыстың мәдениет және спорт саласында бұқаралық спортты дамыту мақсатындағы жұмыстар да ауылымызда шет қалмаған. Өткен жылы ғана аудан орталығында оқу - жаттығу спорт кешені іске қосылды. Спорт саласының ашылуына зор мүмкіншілік туды. Тозығы жеткен үлкен мекеме, мектептер қайта жүйелі жөндеуден өтуде. Сыдықов атындағы мектеп жөндеуден өтіп іске кіріссе, биылғы жылы Сәтбаев мектебі жөндеуден өтіп іске кіріссе, биылғы жылы Сәтбаев мектебі жөндеуден өтіп қыркүйек айында толық жұмысқа дайын болатындығы туралы ақпараттар бар.

Аудандық аурухана жұмысында жөндеу жұмысын жалғастыруда, бітуге таяу. Облысымыз мемлекет басшылығымен жарлығымен 2022 жылы 8 маусымда жеке Жетісу облысы болып құрылған болатын. Осы үш жылда аймақтың әлеуметтік - экономикалық даму индикаторлары бойынша республикада үздік үмітке кіріп абыройлы іс атқаруында біздің Ақсу ауданының да өзіндік үлесі бар екендігі туралы айтып өткен жөн. Соның ішінде Жансүгір ауылдық округінің үлесі салмақты. Отан - ана, отан - туған жер, кіндік хан төгілген аяулы ауыл деген сөздер ұрпақтан - ұрпаққа жетіп, оның қадір қасиеті еш уақытта, ешқашан төмендемеген, қадір қасиеті биіктей бергенін білген жөн. "Қолда барда алтынның қадірі жоқ" - дегендей бұл аталған ұлы сөздер атаулы жердің қадір - қасиетін елден, ауылдан алыста,

жарық жүргенде ғана керемет толқыныспен сезінетіміз сөзсіз бұл ақиқат. Кеңес өкіметі кезінде сонау елдің солтүстігінде Мурманск облысында, шығыстағы Владивостокта әскери міндетін өтеп жүрген, өтеп қайтқан ұлдардың, ауыл топырағын аңсап, самал желін сағынып жазған хаттарын оқып, көзімізге жас алдық. Қазірдің өзінде елден жырақта, мұхиттың ар жағында жүрген қыздарымыздың сағыныш сөздерін телефон арқылы естіп, жүрегіміз езіліп, түн ұйқымыз шайдай ашылады. Кеудемізде елге, жерге деген сүйіспеншілігіміз арта түсетіні ақиқат. Жасымыз ұлғайған сайын ауылымыздың әрбір тасы, қыр шөбі көз алдымызда көлбенедеп, олар көктеген сайын жан дүниемізде өзгеріс болып, өмірге тіршілікке деген құлшынысымыз арта түседі. Бұл өзгеріс, бұл сезім сауатты да салауатты туған өлке, туған жер топырағын басып жүрген адамзатқа лайық қасиет. Теледидардан көріп, әлемдегі болып жатқан өзгерістерді байқап шықсақ, енді бірде қуанышты жәйттарға күйе боламыз. Ең алдымен өз еліміздегі өзгерістер ауылымыздағы тың тіршіліктер қуантады. Ауылымыздың бұдан 20 - 30 жылғы шағын аумағының кеңейіп өсіп, гүлденгенін көріп, өмірдің кең өзгерістерге өзгергені әр қарттың өмірге деген сенімділігі. Еңбекке жаны жаз білімді де білікті халықпен тіл табысудың құпия сырларын шеше білетін округ басшысы Ілияс Сәбитұлына қарапайым тұрғын риза, халық біздер қарттары лайым Жансүгір ауылдық округі басшысы Ілияс Сәбитұлына, қызметкерлеріне халық атынан еңбектеріне табыс, өздеріне алғыс айтудан жалықпаймыз. Шөктемдей көкпен көгеріп, көкпен келе жатқан осындай жас басшылар легіне жол болсын. Еңбектерің әрдайым халық алғысына бөлене берсін.

Қарапайым жұртшылық ықыласына бөлене беріңдер, жандарым іске сәт. "Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын" дегендей шағын ауыл округінің еңбегін әлі де бағалай білейік. Биіктіктен көріне беріңдер, әрдайым істеріңді Алла қолдасын.

**Закира НҰРЫШҚЫЗЫ,
ҚР Оқу үздігі,
Ы.Алтынсарин төсбелгі иегері, Ақсу ауданының
"Құрметті азаматы",
Еңбек ардагері.**

Еліміздің зайырлы, демократиялық мемлекет ретінде орнықтыру жолындағы ең басты қауіп - қатерлердің бірі сыбайлас жемқорлық. Оны алдын - алу мақсатында елімізде көптеген іс - шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлық еліміздің эконо-



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

микасы мен ұлттық қауіпсіздігіне орасан зор нұқсан келтіріп қана қоймай, экономиканың дамуына залалын тигізеді. Сол себепті онымен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына айналған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңында сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетіледі. Аталмыш заң, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Елімізде сыбайлас жемқор-

лықтың түбіне балта шабуға Президенттің пәрменімен барлық құқықтық құрылымдар кешенді түрде жұмыс жасауда. Жемқорлықтың ерекшелігі оның көпшілікке жария етілмеуінде. Көбінесе сыбайлас жемқорлыққа адамдардың заң талаптарын білмеуінің салдарынан жол беріледі. Әрбір азамат қандай жағдай болмасын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру керек.

**М.Д. МҰСАНОВ,
аудандық қазынашылық
басқарма басшысы.**

СЕЛ ТАСҚЫНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Сел тасқыны - өте жойқын күші бар табиғи құбылыс, көбіне таулы аймақтарда болады. Сел қауіпінің белгілері:

- жауын - шашынның ұзақ немесе шамадан тыс көп болуы.
- қауіпті өзендердің бастауларында ауа температурасының күрт және ұзақ жоғарлауы, мұздықтардың еруіне көлдердің толық жырып кетуіне әкеп соғуы.
- Өзендердің су мөлшері аяқ асты азайып немесе көбеюі немесе судың лайлануы.

Сел қауіпі немесе сел болған жағдайдағы сақтану ережелері:

Егерде үйіңіз қауіпті аймақта орналасса, алдын - ала құжаттардың дүние мүлкінің және медициналық құрал жабдықтардың тізімін эвакуация кезінде дайындап қойыңыз.

Арнайы рюкзакқа құнды заттарды жылы киімдерді, азық - түлікті су және дәрі-дәрмектерді салық қою қажет.

Сел қауіпі немесе аяқ асты сел жүргенде өзіңізбен бірге жылы киім тамақ алып биік жоталарға шығу керек.

Үйден (ғимарат) шығар алдында есік терезені, әл жүйесін өшіріп, газ су құбырын жауып кету керек.

Селден кейін оның қайталауына жарлардың опырылуынан үзіліп немесе салбырап қалған электр сымдарынан зақымданған газ магистрларынан сақтану керек.

Сақтық шаралар

1. Бұқаралық ақпарат құралдарын таулы аймақтар туралы



берілген мәліметтерін үнемі қадағалау керек.

2. Егер де тау шатқалдарында жауын - шашын көп мөлшерде жауғанын байқасаңыз қауіпті сел арнасынан шығыңыз. Қауіпті сел арнасын өзен шайып кеткен жерлерге демалуға және лагерь құруға болмайды.

3. Жылжып келе жатқан селге кемінде 60 - 70 метрге дейін жақындауға болмайды.

4. Биік жартаспен құздардың жанында тұрақтауға болмайды. Себебі, селдің дірілінен жер опырылып, тас құлауы мүмкін.

5. Сел арнасымен жүру кезінде адамдардың арақашықтығы аз дегенде 20 - 30 метр болу керек.

6. Сел белгілері байқалған жағдайда сел арнасынан тау жоталарына тезірек шығу керек.

7. Сел жүріп өткеннен кейін сел арнасына түсуге болмайды.

**Жасұлан ЕШМҰХАНБЕТОВ,
ҚР ТЖМ**

«Қазселденқорғау»

**ММ - нің филиалы ЖААПБ
Қапал өндірістік пайдалану
бөлімінің бастығы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Ақсу өңірі» аудандық газетінің 06 маусым 2025 жылғы №22 (10 277) санында жарияланған Маманұлы көшесіндегі екінші, үшінші, төртінші бұрылыстардағы жаңа көшелерге ат беру туралы хабарландыру мәтініндегі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысының 8-тармағының, 1), 2) - тармақшаларына сәйкес» - деген сөз, «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген 3 - тарауына сәйкес» - деген сөзбен алмастырылып оқылсын.



Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.



Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750

Офсеттік басылым көлемі 26 т.



**Таза
Қазақстан**

**"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күздік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2254